



№26 (9913)
1 сәуір
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш


Жаршысы



Сессия

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты. Президент VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаған соң сайлауда жеңіске жетіп, депутат мандатына ие болған азаматтардың қызметіне табыс тіледі.

Реформалар жалғаса береді



Мемлекет басшысы бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған негізгі өзгерістерге тоқталып, жүзеге асырылған реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін атап өтті.

– Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі. Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды бес саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сайланған депутаттарды ел мүддесі үшін жұмыла жұмыс істеуге шақырып, Отанымызды өркендету жолында жасалатын өзгерістер өлі де жалғасатынын айтты.

– Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс. Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бірақ мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Оның бәрі ең алдымен ел болашағы үшін айрықша маңызды, – деді Президент.

Осы орайда Мемлекет басшысы депутаттарға бір ғана маңызды міндет жүктелетінін, яғни әрдайым өзгерістердің бел ортасында болу керек екенін атап өтіп, олардың маңызды шешімдер қабылдайтынын және сол үшін жүрт алдында жауап беретінін айтты.

Президент еліміздің негізгі басымдықтарына тоқталып, Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында іскерлік белсенділікті ынталандыру, еліміздің өндірістік әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам капиталының сапасын арттыру, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ аталған мәселелердің аясында Үкіметке бірқатар тапсырма беріп, Парламент тиісті заң жобаларын қабылдау қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейгенін, қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілгенін атап өтті. Оның айтуынша, бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті Мәжіліске берілді. Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Осылайша жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды.

«ЖЖ» ақпарат

Президент

Экономиканың даму үлгісін өзгерту керек

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысты. Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің жаңа құрамы сайлануына байланысты Үкімет өз өкілеттігін тоқтатқанын айтты. Сондай-ақ Үкіметтің атқарған жұмысына қысқаша тоқталып, шұғыл шаралардың нәтижесінде ел экономикасы 3,2 пайызға өскенін, халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелер уақытылы және толығымен орындалғанын жеткізді.



Президенттің айтуынша, мұның бәріне билік тармақтарының бірлесіп жұмыс істеуінің арқасында қол жеткізілді. Осы ынтымақтастықты нығайтып, Үкімет пен Парламент экономиканы дамытып, халықтың өлауқатын арттыру үшін барлық күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

Мемлекет басшысы Парламент сессиясының ашылуында нақты міндеттерге тоқталғанын атап өтіп, стратегиялық бағдарымызды жүзеге асыру үшін Үкімет баса мән беруге тиіс мәселелерге назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаевен алдымен Үкіметке тұрақты экономикалық өсімнің жылына кем дегенде 4 пайыз болуын қамтамасыз ету міндетін жүктетті.

– Экономиканың даму үлгісін түбегейлі өзгертуіміз керек. Ол үшін

эртараптандыру жұмысын жүйелі жүргізіп, нарық қағидаларын нығайту маңызды. Түпкі мақсатымыз – жоғары технологияға негізделген, өзін-өзі толық қамтамасыз ететін және бәсекеге қабілетті экономика құру. Еліміздің негізгі өңірлік инвестициялық хаб ретіндегі рөлін күшейту қажет. Былтыр монополиядан арылту және шынайы бәсекелестік орта қалыптастыру салаларында ауқымды жұмыс жүргізілді. Алайда мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Үкімет экономикалық өркіндікті одан әрі кеңейту және мемлекеттің нарықтық процестерге ықпал ету деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдауы қажет. Аталған шаралардың іске асырылуы еліміздің институционалдық тұрғыда кемелденуіне, оның өртүрлі ішкі және сыртқы

сын-қатерлерге төтеп беруіне мүмкіндік береді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев инфляцияны төжеуді екінші маңызды мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ ол биыл оны кемінде екі есеге төмендету керектігін айтты.

– Ең алдымен азық-түліктің бағасын реттеу аса маңызды. Сол себепті агроөнеркәсіп кешенін және сауда-саттықты дамыту – негізгі басымдықтың бірі. Ішкі нарықты өз өнімдерімізбен барынша қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сонымен қатар инфрақұрылымды дамыту, аумақтық саясатты жан-жақты ойластырып жүргізу, адам капиталының

сапасын дәйекті әрі жүйелі түрде арттыру және мемлекеттік аппараттың жұмысын қайта қарап, оны жаңғырту мәселелеріне тоқталды.

Жиын соңында Президент Премьер-Министрдің кандидатурасын Мәжілістің партиялар фракцияларының жетекшілерімен талқылағаннан кейін ортақ мәмілеге келгенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ата заңының 44-бабына сәйкес Премьер-Министр лауазымына Әлихан Смайловтың кандидатурасын ұсынды. Сондай-ақ ол Премьер-Министр лауазымына ұсынылған кандидатураны қолдағаны үшін Мәжіліс депутаттарына ризашылығын білдірді.

«ЖЖ» ақпарат

Ауыл тынысы



Халықтың мәселесі бәрінен маңызды

Президенттің әкімдердің халықпен кездесуіне қатысты Жарлығының жалағаштықтар жемісін көріп жатыр. Иә, бұған дейін аудан әкімі Асқарбек Есжановтың тоқсан сайын ауылдық елді мекендерге сапарында еден сүйішші сұрайтындай табысты жобалар да тілге тиек етілді, тұрғындар да ауылдардағы тұралаған мәселелерге қатысты бірқатар талап-тілегін әкім назарына салған. Алайда бұрынғыша «алдағы уақыттың өншісінде, барлығы қаражатқа келіп тіреледі, әуелі зерттеп алайық» дегендей жаттанды сөздер айтылмайды. Себебі әкім сапарда жалғыз емес, ел алдында барлық бөлімнің басшылары тізіліп тұрды. Тұрғындар көтерген мәселе қандай, оның шешімі қалай? Бұл сауалдардың түйіні сол кездесуде халықтың алдында талқыланады.

Қоян жылының алғашқы тоқсанында Асқарбек Темірбекұлы тағы да ауылдарға сапарлады. Бұл жолы әкімнің көңілі тоқ, себебі осыған дейін жергілікті тұрғындар көтерген мәселелердің шешіміне нәтижелі жұмыс жасалды.

Сәрсенбінің сәтті күні біз де тілшілік тіршілікпен шалғайдағы Жаңадария ауылына жолға шықтық. Таңғы сағат 9,00-де жергілікті халық ауыл мектебінде аудан әкімімен жүздесті. Әдеттегідей алдымен атқарылған жұмыстар сараланды, алдағы мақсат-міндеттер де назардан тыс қалған жоқ. Мұнан бөлек шалғай ауылда биыл нендей жобалар жүзеге асқалы тұр, тұрғындар осы сауалдың жауабына қанықты.

Жаңадария жұртын еңбексүйгіштігімен жақсы танымыз. Есет батырдағыдай күрші алқабы болмаса да, ауыл халқы бақша салуда алдына жан салмайды. Шалғай ауылда күтіп бапталған бақша өнімдері бүгінде аймақта үлкен сұранысқа ие. Кешегі кездесуде де кәсіп етуге жағдай жасалса деген ұсыныстар айтылды.

Жаңадариялықтар биыл асар әдісімен бақша салатын үлкен жер ашыпты. Қазір оған аяқ су тарту мәселесін қолға алған. Енді тұрғындар жаңадан ашылған егіс алқабына су

тартатын каналға шлюз салынса дейді, сондай-ақ техника мен жанармайға қатысты да мәселе жоқ емес. Мұнан бөлек мазымында үлкен жолдың бойынша өз өнімдерін сатуға жағдай жасалса деген ұсынысы бар екен.

Кездесуде көптеген мәселе шешімін тапты

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдап алған Асқарбек Темірбекұлы халықтың алдында бұл мәселелердің шешімі қайсы, әріптестерімен осы сауалдың түйінін бірге тарқатты. Нәтижесінде техника мәселесі, жанармай тапшылығы сол жерде шешімін тапты. Ал тамызға дейін жаңадариялықтардың бақша өнімдерін үлкен жолдың бойында сатуына жағдай жасалатын болды. Сондай-ақ каналға шлюз орнату да назардан тыс қалмады.

– Еңбек ететін деген елді қашанда қолдауға дайынбыз. Сіздердің бақша өнімдерін баптауда табысты жұмыс жасап жатқандарыңызды да білемін. Сондықтан жаңағы көтерген мәселелеріңізді ешқайсысы ескерусіз қалмайды. Техникаға қатысты мәселелеріңізді шешіп береміз. Жанармай тапшылығын да ауыл әкіміне реттеуді

тапсырдым. Ал өндірілген өнімді сатуға қатысты ұсыныстарыңызды да ескеремін. Қазірден бастап оған кәсіпкерлік бөлімінің басшысы жұмыс жасайды. Сіздер көтерген әрбір мәселе мен үшін маңызды. Себебі Жаңадарияда қандай тұралаған мәселе бар, шалғай ауылдың екінші тынысын ашуға не кедергі? Бұл сауалдардың шешімін де білетін жергілікті тұрғындар. Сондықтан мен үшін сіздердің талап-тілектеріңіз бәрінен маңызды. Бұған дейін көтерген мәселелеріңізді шешуге шама-шарқымызша жұмыс жасадық, бүгін де біршама мәселе осы жерде шешімін тауып жатыр. Алдағы уақытта өздеріңізбен кенесіп, ауылдағы басқа да мәселелердің шешіміне жұмыс жасаймыз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Елу жылдан бері Жаңадарияның ішкі көшелеріне асфальт төселіпті. Былтырдан бастап шалғай ауылда жол құрылысы қарқын алып, тұрғындардың талап-тілегі ескеріле бастады. Жол сапасына қатысты басқа мәселелер бүгінде аудан басшысының назарында. Мәселен, былтыр ауылға алып келетін 17 шақырым жолдың 4,1 шақырымына асфальт төселген. Өткен жылдың соңында тоқтаған жол құрылысы биыл қайта қарқын алды.

Яғни бұл жолдың да мәселесі толық шешімін табады. Оған қазынадан 392,1 млн теңге қаралған.

Жаңадарияда биыл мұнан бөлек жалпы құны 10 млн теңгеден құрайтын балалар ойын алаңы салынады. Сондай-ақ басқа да бақша саламын деген тұрғындар үшін арнайы 50 гектар жер ашылады. Мұнан бөлек апатты жағдайдағы ауыл мектебінің ғимаратын да күрделі жөндеу жобасы қолға алынады.

Өткен жылдың соңындағы есепті кездесуде жергілікті халық ауылдағы мекемелердің бірінші басшылары Жаңадарияда тұрмайтынын әкім назарына салған. Сонда Асқарбек Темірбекұлы халықпен жұмыс жасайтын кез келген басшы сол елдің ортасында болуы керектігін ескерткен. Содан бері барлығы ауылға көшіп келгенін кеше халықтың өзі айтты. Биыл ауылдағы уәкелілік полиция инспекторына қызметтік үкі берілді. Оған қазынадан 10 млн теңге қаралған. Қылмыстың алдын алуда, орын алған қылмысты ізін суытпай ашуда теріп сакшысының сол ауылда тәулік бойы болуы маңызды. Сондықтан бұл құтқарлық бастама деп білеміз.

Иә, Жаңадария жұрты ауданда атқарылған жұмыстарға риза. Оның ішінде шалғай ауылда да бірқатар мәселені шешуде ілкімі жобалар қолға алынған. Ауыл халқы атқарылған жұмыстарға ағыс білдірсе, ақсақалдар бағасын берді.

Жалағашы 2-бетте

Аңдатпа

Ұлтқа ортақ тұлға тұғырдан түспейді



Халықтың мәселесі бәрінен маңызды



Екі мыңға жуық халқы бар Есет батырда да биыл ілімді жобалар қолға алынады. Халықтың негізгі тіршілік-тынысы ауыл шаруашылығына тәуелді. Жергілікті тұрғындар егін және мал шаруашылығында да нәтижелі еңбек етіп келеді. Елді мекенде негізінен жол сапасы ауылдағы ағайынның басты мәселесіне айналған. Бір сөзбен айтқанда, ішкі көшелердің көбісінің сапасы сын көтермейді. Ауыл халқының алдағы 1-2 жылда жол құрылысының қарқын алатынын естіп, қуанығы да сондықтан.

Иә, өне-міне дегенше екінші ауылға да табан тіредік. Есет батырдағы мәдениет үйінде бас қосқан тұрғындардың әкіміге айтар алғысы да, назарға салар мәселесі де жоқ емес екен. Бастысы, Аламесектегі ағайын да ауданда атқарылған жұмыстарға дән риза.

Биыл ауданда жалпы құны 4 млрд теңгені құрайтын 30 жоба жүзеге асады. Оның ішінде Аламесектегі ағайынның талап-тілегі ескерілген жобалар жоқ емес. Біз тек қаржылай қолдау тапқандарын айтып отырмыз. Мұнан бөлек 13,6 млрд теңгенің 35 жобасы дайын тұр. Бұлар да сараптамадан өтіп, кемінде 60-65 пайызы қолдау тапса, ауданда тұралаған мәселелердің біршамасы шешімін табады анық.

Айта кетейік, биыл аудан бюджеті 8 млрд 755 млн теңге болып белгіленген. Оның ішінде 1 млрд 907 млн теңгесін жергілікті түсімдер құрайды. Ақсарбек Есжанов жыл соңына дейін елі де біршама жобаларды жүзеге асыру үшін арнайы құжаттар дайындалатынын жасырмады. Демек, биылғы жылдың еңшілдегі жұмыстар мұнымен шектелмейсіз анық.

Ауылдық емхана бой көтереді

Аудан әкімі осыған дейінгі Аламесекке сапарында жергілікті халық ауылдық емхана ғимаратының апатты жағдайда тұрғанын айтып, жаңа медициналық нысан салынса деген тілегін жеткізген. Ел құлағдар еткен мәселеге көз жеткізу үшін тіпті өзі де сапасы сын көтермейтін нысанға жол тартқан. Ертенің ауданның даму жоспарынан Аламесектегі ауылдық емхана ғимаратын салу жобасы көрініс тапты. Тіпті оны облысқа өзі барып қорғап келді. Еңбегі еш кетпеді, көшегі кездесуде ауыл ақсақалдары осы мәселенің шешімі үшін Ақсарбек Темірбекұлына алғыс айтып, батасын берді. Биыл батыр атындағы ауылда жалпы құны 410,1 млн теңгені құрайтын медициналық нысанның іргетасы қаланады.

Биылғы ауыл тұрғыны елді мекендегі жарық мәселесін көтерген. Жел тұрса, электр жарығы жиі істен шығады екен. Одан бөлек көше жарығына қатысты мәселелерді де әкім назарына салған. Одан бері ауылда жергілікті бюджеттен және демеушілер есебінен 3 көшеге жарық жүргізілді. Тағы да ауылдағы бірнеше ішкі көшеге жарық жүргізу үшін арнайы жобалар әзірленіпті. Демек алдағы уақытта бұған қатысты ел көтерген мәселелер өзі де ескерілді деген сөз. Ал электр жарығына келсек, биыл Аламесекте электр желілері толықтай жаңартылады.

Ауылда жүзеге асатын биылғы жылдың еңшілдегі жобалар легі мұнымен шектелмейді. Есет батырда бұйырғас, ауыз су жүйесі кеңейтілмек. Сондай-ақ бақша саламын деген азаматтар үшін 50 гектар жер ашылды.

— Бүгән дейін Жаңадарияда болдык, шалғай ауылдағы ағайын біршама мәселесі назарға салды. Сіздердің де талап-тілектеріңіз ескерусіз қалмайды. Биылғы емхана мәселесін айттыңыздар, биыл сәтін салса, оның құрылысы басталады. Жаңа айтып жатқан мәселелеріңіз де ескерілді. Ел ішіндегі тұралаған мәселелер сіздерге жат емес. Сондықтан қай уақытта да сіздерді тыңдауға дайынмын. Бастысы, сіздермен болған ашық ерікін форматтағы диалогтың нәтижесін тұтас ауыл халқы көрсек болды. Мейлінше елдің мәселесін ертенге қалдырмауға тырысамыз. Бүгін де көтеріп отырған мәселелеріңіз, айтып жатқан ұсыныстарыңыз орынды. Оның барлығына жұмыс жасаймыз, — деді өңір басшысы.

Әбдіқайыр Әзімов — осы ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы. Көпті көрген қарияға ауылдың ішкі мәселелері таңсық емес. Ол көшегі кездесуде ауыл мектебіне аяқ су тарту мәселесі шешімін тапса деген ұсынысын жеткізді. Яғни мектеп ұжымы оның айналасын көркейтуде күш салатынын десе аяқ су мәселесі қолбайлау болып тұр екен.

Бұл мәселе де елдің алдында талқыланды, жан-жақты қараған Ақсарбек Есжанов жергілікті мәслихат сессиясында қаражат қарап, арнайы сусорғыш насос алуға ықпал ететінін жеткізді. Ал «Биыл жол сапасына қатысты Аламесекте ешқандай мәселе жоқ екен» деген халыққа өкімнің жауабы да дайын екен.

— Біз алдымен электр жарығын жаңалап, ауыз су жүйесін кеңейтіп алайық, содан кейін барып, жол құрылысын бастаймыз. Болмаса ертен ел ішінде реніш болады. «Жол салып, қайтадан оны қазып жатыр» деген әңгіме де бізге керек емес. Бағана сөз басында айтқанмыз, тағы да айтатын, біз үшін қолға алған жобалардың ілігін алдымен жергілікті

халық көруі керек, ол үшін барлық жоба өміршең болуы тиіс, — деді аудан әкімі. Тұңдап отырсаң, сөзінің жаны бар, ұмытпасам, 2-3 жыл бұрын Дәуімбай елді мекенінде дәл осындай жағдай орын алған. Алдымен сондағы ішкі көшелердің біріне асфальт төселді, артынан үйлерге газ тарту жұмыстары жүрді. Сол кезде ел ішінде дәл осындай әңгіме болды. Сондықтан ауылдағы ағайын ақырын күткені де дұрыс сияқты.

Өткен кездесудегі айтылған ұсыныстар сарапталды, басқа да мәселелер назарға алынды. Соңында ауыл ақсақалдары аудан әкімін батамен шығарып салды.

Еңбекте тағы 3 көше асфальтталады

Биылғы аудан әкімі Ақсарбек Есжанов халықпен кездесулердің бірінде «2025 жылы жол мәселесіне қатысты Еңбекке қайтып соқпаймыз» деген ішкі көшелердің көбісінің сапасы сын көтермегендіктен ел алдындағы бұл уәдесіне күмәнмен қарағанбыз. Бірақ Еңбектегі жол сапасына қатысты қолға алынған жобаларға үмілсек, шынында алдағы 1-2 жылда Аққошқарда бұған қатысты мәселе болмайтын сияқты. Былтырдың өзінде ауылдағы 3 көшеге асфальт төселсе, биыл тағы 3 көшенің сапасына мән беріледі. Көшегі мәдениет үйіндегі кездесуде халықтың бұған дейінгі біршама талап-тілегі ескерілгені анық байқалды. Жергілікті тұрғындар аяқ су, ауыз су, электр жарығына қатысты басқа да мәселелерді назарға салды. Аудан басшысы ел көтерген мәселе ертенге қалмайтынын жеткізіп, шама-шарқында оның шешіміне жұмыс жасайтынын айтты.

Әкімдердің халықпен кездесуінде бұрынғыдай елді ұйқыға жіберетін бас-аяғы жоқ баяндама оқылмайды. Олай болмағаны да дұрыс. Ақыр соңы халық неге келгенін ұмытып қалған кездерге де куә болғанбыз. Ақсарбек Темірбекұлы келгеннен қағазға үңілуіне жат екенін дәлелдеді, өріптестерінен де осыны талап етті. «Аппаратта атқарылған жұмыс емес, алдағы мақсат-міндет, елдің талап-тілегіне басымдық берілуі керек» деп талайын тыйып тастаған. Бүгін де көптің алдында қысқа да нұсқа атқарылатын жұмыстарды шолып шықты. Елдің талап-тілегіне кезек беріп, оның шешіміне жұмыс жасайтынын айтты. Бастысы, халықтың мәселесі ескеріліп жатыр, бүгінгі Еңбектегі халықпен кездесуде де осыған кәзіміз жетті.

Атқарылар іс аз емес

Сәрсенбіде түстен кейінгі өкімнің сапары Аққум ауылынан басталды. Ауылдық клубта жиналған аққумдық ағайын ауданның биылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын мән алдағы уақытта атқарылатын жобалардан хабардар болды.

Иә, бүгінде Аққум ауылы гүлденген көркіең. Төрт жүзге жуық тұтін бар ауылда 5 бюджеттік мекеме және пошта байланыс бөлімшесі, ұнаскелік полиция пункті халыққа қызмет көрсетеді. Аудан әкімі аққумдықтармен кездесу барысында ауданда атқарылған іс аққымды, кезекте тұрған мәселе де жоқ емес екенін тілге тиек етті. Зерттеу-зертделу барысында ауданда ең өзекті мәселелер қатарында бірқатар ауылдарда аяқ су, жол құрылысы, көпірлерді жөндеу, Жалағаш кентіне жақын ауылдарды газдандыру, жарықтандыру мәселесі тұр. Осыған орай аудан басшысы алдымен жол құрылысы мәселесінн шешілуі үшін тарқатты. Алдымен ішкі көшелерге, яғни алдағы уақытта Аққумдағы бірнеше көшенің сапасына мән берілетін болады. Тіпті ол ауданның даму жоспарында да қамтылған. Нақтырақ айтсақ, биыл Аққумда жалпы құны 63,8 млн теңгені құрайтын 3 көшеге күрдәлі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Демек бұл мәселе де шешімін тауып, халықтың талап-тілегі орындалатынын күннің де ауылы алыс емес секілді.

Ал елді мекен көшелері түнгі уақытта жап-жарық, жаяу жүргішілердің ерік қозғалысына жағдай жасалған. Яғни былтыр демеушілер есебінен 4 көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ елді мекенге көгілдір отын кіргізу жобасының қолға алынатыны аққумдықтарды қуантты. Биылдың өзінде кент іргесіндегі Ақсу ауылы мен дарияның бергі бетінде орналасқан М.Шәменов ауылына газ кіргізу жобалары дайындалса, дәл осы қос елді мекен арқылы алдағы уақытта Бұқарбай батыр, Аққум, Қаракеткен, Таң ауылдарына көгілдір отын жеткізу жоспарда бар. Аудан халқы ауыз сумен 100 пайыз қамтылғаны белгілі. Осы орайда елді мекенде өткен жылы су тарту жүйесі мен аула ішілік су тарту желісінің құрылысы жобалары қаржыландырылған.

Жалпы, ауданның 3 жылдық даму жоспарында әрбір елді мекенде халықтың көкейінде жүрген мәселелердің шешімі толық қамтылған. Мәселен, біз аялдаған Аққум елді мекенінде көсіпкерлікті дамыту бағытындағы шараларды жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыру, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, көліктік қол-

жетімділік аумағын кеңейту, мемлекеттік және коммерциялық қызмет көрсету орталықтарын құру және дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты жұмыспен қамту сияқты түзілген бағдарламалар бар және олар өз кезеңімен жүзеге асуда. Кәсіппен айналысамын деген елді мекен тұрғындарына мемлекеттік қолдау тиісті орындардың өкілдері тарапынан толыққанды түсіндіріліп, қолдау шаралары да жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде ауылда кәсіппен айналысамын, өз-өзімді жұмыспен қамтамасыз етемін деген азаматтар қатары артқан.

Осы тұста айта кетейік, ауылдағы «Бақдаулет» шаруа қожалығы еңбеккерлерінің атқарып жатқан жұмыстары, оның ішінде күршіті егін, одан күзде молынан өнім жинауда табандылық танытып жүргені аққумдық ағайынның шаруасы ширақ екенінің дәлелі. Шаруашылық қаншама ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Осы шаруашылықты қолдаумен ауыл жастарына арналған күрес, ауыр атлетикадан жаттығуға арналған зал ашылған. Онымен қоса ауыл орталығынан халыққа қызмет көрсететін наубайхана, монша нысандары жұмыс істеп тұр.



Жалпы, Аққумнан ауылда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары да жыл сайын өз деңгейінде жүргізіліп келе жатқанын көруге болады. Тазалыққа басымдық берген елді мекенде кіреберіс арқалар мен Б.Ақдәулетов көшесіндегі темір қоршаулар сырланып, көшелердегі күл-қоқыстар уақтылы тазаланып тұр.

Ел болғасын мәселе туындайды, ал сол мәселенің шешімін табу өз алдына бөлек әңгіме. Ең бастысы, Аққумда атқарылып жатқан ауқымды істер көп-ақ. Ал ауыл халқында жарқын болашаққа деген сенім мен ынтымақты екенін байқауға болады. Әсіресе ауыл ажарының күннен-күнге артып, әлеуметтің әлеуетінің жақсарып келе жатқанын көңіл қуантады. Енді аудан өкімінің бастамасымен қолға алынатын жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асса, онда ауылдағы мәселелердің барлығы біртіндеп оң шешімін табады. Өзгелерге үлгі болатын аққумдықтар енді жерде ауызбіршілік танытып, ауылдың берекесін келтіріп отырса, елді мекеннің талай жетістіктеріне куә боларымыз анық.

Жыын соңында ауыл ақсақалы сөз алып, аудан азаматтарына ақ батасын берді.

Ауыл ақсақалдары айтқандай, барлығы бірлікпен ұйымшылдықпен бітетін жұмыс. Қай жерде де ауылмен бірге болу, бір мақсатта жұмыс істеудің маңызы зор. Біздің осындай бейбіт заманда өмір сүріміз қазақ халқының ұйған ауызбіршілігінің арқасында. Сондықтан осындай асыл қасиетімізден айырылмай, бірлікпен іс жүргізіп, бір-бірімізге тілеулес болсақ, талай белестерді бағындыратынымызға сенім мол.

Ауылға айрықша қолдау бар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, бүгінде өкімдер халыққа тоқсан сайын есеп беріп, елді мекен халқымен жақын болып келеді. Нәтижесінде жиі бұқарамен жүздесіп, шалғай жатқан елді мекендердің мәселесіне құлақ түріп, ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тыңдап, талқыға салу жақсы бір үрдіске айналды. Осы орайда аудан әкімі Ақсарбек Есжановтың халықпен кездесуі Бұқарбай батыр ауылында жалғасын тапты.

«Ауылына қарап азаматын таны» демекші, біздің өңірге Ақсарбек Есжанов басшылық еткені ауданның, әсіресе ауылдың елді мекендердің дамуы едәуір ілгеріледі. Әлеуметтік-экономикалық даму, аудан халқының әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру секілді мәселер күн тәртібінен түспеді. Кент, ауылдар көлбетінің көркеюі, оның ішінде құрылыстың белең алуы аудан дамуының көрінісі деуге әбден болады. Соның жылдары бірнеше нысан пайдалануға берілсе, бүгінде сол нысандар ел игілігі үшін қызмет етуде. Әрине бұл жұмыстардың барлығы өңір көлбетін арттырып, ел игілігі үшін жасалуда.

Аудандық игі істердің қатарында кенттегі газдандыру жұмыстары да бар. Қазір кентті газдандыру жұмыстары толықтай аяқталып, жалағаштықтарға қуаныш сыйласа, енді міне, алдағы уақытта ауылдарға да көгілдір отын жеткізілімек. Осыдан-ақ ауданда жүйелі жұмыстың бар екенін аңғаруға болады. Сонымен қатар қажеттілігіне, мәселенің өзектілігіне қарай барлық ауылдық округтерде көшелер жөнделіп, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылууда. Қазіргі таңда Ақсу елді мекенін газдандыруға байланысты жоба қолдау тауып, 2023 жылдың бюджетіне қаржыландыруға енгізілді. Сондай-ақ М.Шәменов елді мекенін газдандыру үшін ЖСҚ әзірленіп, сараптамадан өткізілуде.

Тағы бір айта кететін жұмыстардың бірі ауылдық жерлердегі емхана, медпункттердің салынуы, сондай-ақ ұнаскелік полиция инспекторларының пәтермен қамтамасыз етілуі болмақ. Иә, құқық қорғау қызметкерлерінің ауылда жиі болмауы ауыл

тұрғындары тарапынан мәселе болып көтеріліп жүрді. Ал өткен кездесуде аудан әкімі бұл мәселені тез арада шешетінін де жеткізген. Міне, осы жылы 10 ауылдық ұнаскелік полиция қызметкеріне пәтер берілетін болды. Оның ішінде Бұқарбай батыр ауылы да бар, қазіргі таңда қаржысы бөлінген. Осылайша бұл мәселе де аудан өкімінің ықпалымен толықтай шешілді.

Сонымен қатар жалпы құны 3 млрд 694,1 млн теңгені құрайтын 13 жоба жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр. Атап айтсақ, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым бойынша 1 жоба, «Ақтерек» ұнаскелі 170 гектарға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның газ желілерінің құрылысы, жол құрылысы бойынша 7 жобаны жүзеге асыру күн тәртібінде тұр.

Жол жайы да көңіл көншітіп тұр. Жол құрылысы соңғы жылдары, әсіресе ауылдарда қарқын алып, сапасы сын көтермейтін бір-қатар көшелер ой-шұқырдан арылды. Бұл ретте қажетті қаражат қаралып, ауылдардағы ішкі көшелер күрдәлі және орташа жөндеуден өтті. Тіпті елді мекендерді аудан орталығымен байланыстыратын жол да назардан тыс

Соның 2-3 жылда бұл ауылда мемлекеттік бағдарламалар аясында бірқатар жоба жүзеге асқан, бүгінде жергілікті халық оның игілігін көріп отыр. Қазіргі таңда халық сапасына қатысты мәселе жоқ десе де болады. Себебі «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында елді мекенде бірқатар ішкі көшенің сапасына мән берілген. Аталған жоба шеңберінде жалпы құны 568,6 млн теңгеге 10-нан астам ішкі көше орташа жөндеуден өткен. Олардың қатарында Орынбай жырау, Манақ баба, Қарасу, Мүсірәлі баба, А.Мықтыбаев, Селізбай би, Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, А.Құнанбаев, Қоқыбай, Қ.Құлманов сынды бірқатар ішкі көшелер бар. Биыл қосымша елді мекеннің кіреберіс автомобиль жолын қайта жаңғыртуға жоба сметалық құжаттары жасалуда.

Ауылдағы ұшақбатты білім ошағы да «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында күрдәлі жөндеуден өткен. Жобаның жалпы құны 333,2 млн теңгені құрайды. Тісті қаражатқа нысанның есік-терезелері, едені ауыстырылып, ішкі қабырғалары қайта сыланған. Атсыртқы қабырғалар металл сайдингтермен қапталып, су, кәріз жүйелері жүргізіліп, электр жүйелері жаңартылып, қауіпсіздік үшін дабыл қондырғылары жаңартылған.

Таңда былтыр дәл осы жоба аясында ауылдық емхана құрылысы қарқын алып, медициналық нысан жыл соңында ел игілігіне берілді. Жобаның жалпы құны 140,1 млн теңгені құрайды. Бүгінде мұнда 1 дәрігер, 10 орта, 2 кіші қызметкер жергілікті халықтың денсаулығына қызмет етуде.

Кез келген өңірде мәселе болатынын білеміз. Бірақ бұл ауылда мәселе жоқ сияқты. Дегенмен тіршілікті ту еткен таңдықтар бұл нәтижемен тұрақтамайтын секілді. Өйткені ауданда 2023 жылы атқарылатын жоспардың ішінде Таң ауылында да бірқатар жобалар бар екен. Мәселен, тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын полигонды қоршауға 1,3 млн теңге бөлініп, жұмыс жасалуда. Оған қоса биыл балалар ойын алаңы жөндеуден өтеді. Жобаның жалпы құны 5 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар ауылдық округ әкімі аппаратының өкімшілік ғимараты құрылысының жоба сметалық құжаттары да әзірленген. Бір сөзбен айтқанда, биыл ауылда құрылыс қарқыны күшеймесе, бәсеңдемейтін секілді.

— Бүгінде аудан экономикасының сапалы және қарқынды дамуын күшейтуге мүмкіндік



қалмады. Бұқарбай батыр ауылындағы негізгі жобалардың бірі 3 көшеге, яғни А.Құнанбаев, А.Төлеубаев, Бұқарбай батыр көшелеріне биыл жалпы құны 184,1 млн теңгеге күрдәлі жөндеу жүргізіледі.

Ауданға қарасты ауылдардың негізгі айналысатын кәсібі ауыл шаруашылығы екені белгілі, оның ішінде егін шаруашылығының үлесі басым. Осы ретте ауыл шаруашылығы саласы бойынша бұл орналастыратын дақыл өнімдерінің де болжамы белгілі болды. Ауданның ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес, 2023 жылы 37052 гектарға егіс орналастыру жоспарланған. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 19800, бидай 750, сүрт құмайы 70, арпа 70, соя 35, мақсары 520, сармалдік жүгері 700, сулы 5, кент қызылшасы 2, жаңа жоңышқа 4850, ескі жоңышқа 7200, картоп 646, көкөніс 1108 және бақша өнімдері 1296 гектарға егіледі. Сонымен қатар ауылдың еңбеккер халқы үшін басқа дақылдардың орналастыруға арнайы 55 га жер дайындалып, үлестірілімек. Осы арқылы ауыл халқы қуысты азығын бақша егу арқылы жинап алуда ниетті екенін білдірді.

Айта кету керек, алдағы атқарылатын жұмыстардың ішіне Бұқарбай батыр елді мекенінің 16 көшесін жарықтандыру жұмыстары да кіріпті. Бұл ретте бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп, жобаның жалпы құны 170,2 млн теңгені құрап отыр. Жалпы, ауданда жыл көлемінде қолға алынған жобалардың саны отызға жуық, оның ішінде ауыз су, жол құрылысы, әлеуметтік нысандар, көпірлерді жөндеу, газдандыру, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары қамтылған. Бүгінде ауыз су желілері бойынша 4 жоба, жол құрылысы 9 жоба, газдандыру бойынша 4 жоба, жарықтандыру 4 жоба, абаттандыру бойынша 4 жоба жүзеге асқан.

Қорытындылай келсек, бәреке-ырысы бекем ауылда атқарылған жұмыс көп, шаруа да аз емес. Ең бастысы, осы сапарда әр адамның тұпқазығы, рухының бесігі, тамыры тереңге жайылған қазақы дәстүріміздің қаймағы бұзылмайған батыр атындағы ауылдың ауызбіршілігінің мол екеніне көз жеткіздік.

Жұмыссыз жоқ ауыл

Аудан өкімінің халықпен кездесуі 60 жылға жуық тарихы бар, ерекше даму қарқыны қалыптасқан Таң ауылында жалғасты. Ауыл халқымен кездесу барысында аудан әкімі атқарылған және орындалуы тиіс жұмыстарды баяндады. Сондай-ақ биыл жүзеге асатын шаруаларға тоқталды, тұрғындар сауалына да жауап берді.

Таң ауылында бүгінде 236 отбасы қоныстанған. Әлеуметтік әлеуетін көтеруде жүйелі жобалар қолға алынған елді мекенде жұмыссыздық мәселесі жоқтың қасы десек, артық айтқандық емес.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ,
Жандос ЖАЗКЕН**

Басы 1-бетте

Бәрекедді!

Қай кезеңде болсын дені сау ұлт бәсекеге қабілетті болмақ. Сондықтан спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағытының бірі.



Қабырғасында, студент шағында да спортпен айналысуды өзінің міндеті санаған. Спорт пен еңбекті жанына серік қылған жерлесіміз қазіргі таңда Мәдениет ауылындағы білім ордасында дене шынықтыру пәнінен оқытады.

Жерлесіміз жеңіс тұғырында

Әрине спортшы десе көз алдымызға қара күш иесі мен жолындағы кедергінің бәрін жайлап өтетін мықты адамдардың елестейтін бар. Иә, расында күш пен жігер болмаса, спортта белгілі бір жетістікке жету өте қиын.

Барлық аймағынан желаяқ ардагерлер қатысқан. Осы додада Қызылорда облысының құрамасы нәтижелі өнер көрсетіп, жүлделі орынға ие болды.

– Бұл – менің ғана емес, бүкіл Жалағашымның қуанышы. Жалпы, есепте құрама 28 алтын, 13 күміс, 4 қола медаль иеленді.

Ойғаразы

Ұлтқа ортақ тұлға тұғырдан түспейді

Ескерткіш – ел тарихының, мәдениетінің айғағы. Отанымыздың қай өңірінде де археологиялық, тарихи және көне дәуірлерден сыр жеткізген сәулет өнері ескерткіштері жетерлік.



Қазір де еліміздің көрнекті жерлерінде ерекшелігімен, әсемдігімен көз тартатын ескерткіштер бар. Олардың көбі ел тарихындағы елеулі оқиғаларға байланысты немесе тарихи тұлғаларымыздың құрметіне қойылған.

Ескерткіш дегенде еске түседі, осыдан бірнеше жыл бұрын Жалағаш кенті қоғамдық кеңесінің мәжілісінде аудандық әкімшілік ғимаратының жанынан «Құрмет тақтасын» орнатып, «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» деген атақты ресми алған жерлестеріміздің есімдерін тізіп жазу ұсынылды.

Батыр Естекбайұлының ескерткіші тұр. Мұның алдында қойылған ескерткіштегі батырдың тұлғасына және жорыққа мінген атының тұрқына көпшіліктің көңілі толмай, сыни көзқарастың нысанына айналған соң амалсыз ауыстырды.

Шоғын қоюға барамыз. Басқа кезде ол маңайдан адам қарасы көрінбейді. Енді әркім өз бабасын ұлықтап, қолдан батыр жасап мәңгі, мағынасыз ескерткіш қоймайды.

Ескерткіш қою ісінде рушылдық көрініс бере бастады. Әркім өз бабасын дәріптеп, алдымен кітап жазып, одан соң көшеге атын беріп, оған да көңілі көншімей қаланың, кенттің көрнекті жерлерінен ескерткіш орнатып тастайтын болды.

Ескерткіш дегенде еске түседі, осыдан бірнеше жыл бұрын Жалағаш кенті қоғамдық кеңесінің мәжілісінде аудандық әкімшілік ғимаратының жанынан «Құрмет тақтасын» орнатып, «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» деген атақты ресми алған жерлестеріміздің есімдерін тізіп жазу ұсынылды.

Жасыратыны жоқ, біздің мәдени мұра, тарихи жәдігерлерге деген танымымыз өлі де тым таяз. Ескерткіш идеологияны қуатты құралы екенін тоқтады ма, кейін бұл жоба жүзеге аспай қалды.

Жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75. Президент Атырау облысына барған сапарында да осы мәселеге ерекше тоқталып, ескерткіш қоя бергеннен спорт және медицина нысандарын салу керек екенін айтқан болатын.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҒАРБАЕВ. Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы. Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36. Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қызметінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

Қара өлең – қазақшның өзі

Қара өлең – қазақ ауыз әдебиетінің маңызды бір саласы, әдеби-фольклорлық жанр. Қара өлең қазақпен бірге туған, бірге жасасып келеді және халқымыз барда ол өлмейді.



Басынан Қаратаудың көш келеді. Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді. Қарындастан айтылған жаман көңел. Мәлтілдеп екі көзден жас келеді.

Естігенде сөзі де, өуені де төбе құйқанды шымырлатып, еріксіз еңірететін осы бір өнді көшеге дейін әжелеріміз өрмек тоқып отырып, бау дауыспен ыңылдап орындайтын.

Ай болмаса аспанда адасады, Көтермесе көңілді кір басады. Жақсылардың көудесі – алтын сандық, Кілт болмаса сандықты кім ашады?!

Қаранышы, осы күні біз бір жерге арнайы бас қосып жиын қылып, жасы үлкенді құрметтеу, сыйлау, жөн білетін ел ағасының сонынан еру, ел арасының татулығы, бірлігі, ымырашылдығы жайында сағаттап сарнап дәріс оқып, құлаш-құлаш мақалалар жазып жүрміз.

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған. Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған. Күніне тоқсан тоғыз бөле көрсен, Сонда да күдер үзбе бір Алладан.

Өткен ғасырдың басындағы зұлмат жылдары жазықсыз жапа шегіп, ит жеккенге айдалып, абақтыда талай үрейлі сұмдықты, қараулық пен қорлықты, жан төзгісіз азапты басынан өткізген Рысқұлдың аузынан тастамайтын бір өлеңі осы болыпты.

Одан бөлек қара өлеңді қазақ жерінің географиялық энциклопедиясы деуге болады. Жер-су атаулары көптеп кездеседі. Оның ішінде өлеңге ерекше өрнек беріп тұрған өздер мен көлдердің, таулардың, жайлау, қыстаулардың, қыраттар мен төбелердің бүгінде ел жадынан ұмытылып кеткен ежелгі тарихи атауларына қанығасын.

Мұқағали Мақатаев: «Мен қалай ақынмын деп айта аламын, халқымын өз айтқанын қайталадым. Күні киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» десе, Жүмекен Нәжмеденов: «Өлеңіне қазақтың күні кигізер едім, күпісі бар өзінің – көрегі не, көрегі.

Таралымы 3097 Тапсырғы № 518. Жәнекі редактор: Жандос ЖАЗКЕН